

Педагогикалық кеңесте
қаралды хаттама №1
28.09.2024 жыл

Бекітіледі
Абай ММИ директоры
Капарова Д.О.



**Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік)
кеңес қызметі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Әдістемелік кеңес туралы осы Ереже Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-нің директорының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарының, педагогтардың педагогикалық шеберліктерін арттырудағы жұмысты үйлестіруге арналған және педагогикалық қызметке деген шығармашылық тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін мектептің ұжымдық органы ретінде әдістемелік кеңес қызметінің тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 644 бұйрығымен «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту» туралы әдістемелік кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Әдістемелік кеңестің мақсаты мен міндеттері:

- 1) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
- 2) шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- 3) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 4) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
- 5) біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;
- 6) сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу үдерісін әдістемелік әзірлемелердің нәтижесін енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;
- 7) әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
- 8) білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 9) педагогтердің оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру;
- 10) педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды басқару;
- 11) білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 12) білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

3. Әдістемелік кеңестің қызмет тәртібі

Кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;
- 2) құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестердің жұмыс жоспарларын қарау және келісу;
- 3) жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және қолдау;

- 4) оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;
- 5) әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 6) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;
- 7) өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру мамандарының (кәсіптерінің) тізбесін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды талқылау;
- 8) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау; жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту;
- 9) элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;
- 10) пререквизит және постреквизиттерді бекіту;
- 11) әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;
- 12) білім алушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын және басқа түрлерін әзірлеу және сараптамадан өткізу мәселелері;
- 13) білім алушылардың өздік жұмысын және оқытушының қолдауымен өткізілетін өздік жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету;
- 14) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

4. Әдістемелік кеңестің құрамы

- 4.1. Кеңестің құрамына әдістемелік кафедра мүшелері, пән мұғалімдері директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасарлары кіреді. Кеңестің құрамы директордың бұйрығымен бекітіледі.
- 4.2. Кеңесті оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі басшының орынбасары - төраға басқарады.
- 4.3. Кеңес мүшелерінен ашық дауысы арқылы хатшы сайланады.
- 4.4. Кеңестің жұмысы әдістемелік кеңестің отырысында қабылданған және мектептің бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.5. Кеңестің отырысы екі айда бір рет өткізіледі.
- 4.6. Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
- 4.7. Егер әдістемелік кеңестің отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда әдістемелік кеңес құқықты өкілетті деп табылады.
- 4.8. Кеңестің төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің алдында есеп береді.
- 4.9. Әдістемелік кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

Мақсаты:

Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру мен педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыруға бағытталған жұмыс қорын жасақтау.

Міндеттері:

- Мектептегі оқу-тәрбие үрдісін жүйелі мектепшілік бақылауды қамтамасыз ету;
- Мұғалімдердің педагогикалық әрекетін мониторингілеу мен әдістемелік жұмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру

Жоспары:

P/c	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
I отырыс тақырыбы: «Мектептегі әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру» Тамыз айы /28.08.2024ж/		
Күн тәртібінде:		
1	2023-2024 оқу жылының әдістемелік жұмысын талдау, 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту.	.
2	Жаңа оқу жылына факультатив және үйірме жұмыстарының жоспарымен таныстырып, мұғалімдерді бекіту.	
3	Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмыс жоспарын талқылау, пәндік апталықтардың кестесін бекіту, біліктілікті арттыру курсының перспективалық жоспарын бекіту.	
4	«LS зерттеудің нәтижелі жұмыстары» жаңа оқу жылында жасалатын жұмыстарды жоспарлау, тәжірибе алмасу.	
5	«Жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалім» педагогтердің шығармашылық ізденіс бағыттары бойынша жұмыстарды жүйелеу.	
II отырыс тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі - сапалы білім берудің негізі» Қараша айы /01.11.2024ж/		
Өткізілу формасы: тәжірибелік семинар Күн тәртібінде:		
1	«Цифрлы ұстаз» оқыту семинары	
2	«Жаңадан келген мұғалімдер әдістемесі: ой бөлісу» жас және жаңадан келген мұғалімдерге теориялық және әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыстарын талдау	
3	«Саралап және даралап оқыту тәсілдерін қолдану жұмыстары» (ЕББҚ, үйден оқу, үлгерімі төмен оқушылар)	
4	«Зерде» 2-7 сынып ғылыми жобалар нәтижесін талдау	
5	Мектепшілік олимпиада қорытындысы: проблемалар, шешу жолдары. Қалалық пәндік олимпиадаға дайындық барысы	
6	Мектепшілік expertтік кеңес отырысы (мұғалімдердің қала, облысқа ұсынғалы отырған жинақтарын талдау, отырысқа ұсыну)	
III отырыс тақырыбы: «Сатылар арасындағы сабақтастық - білім сапасының кепілі» Қаңтар айы /30.01.2025ж/		
Өткізілу формасы: Дөңгелек үстел Күн тәртібінде:		
1	«Ұлттық білім моделі менің көзқарасыммен» дөңгелек үстел	
2	Сабақтастық ұстанымдарының жүзеге асырылуы (1, 5, 10- сынып оқушыларын бейімдеу үрдісі)	